



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издается с 28 июня 1999 года

№ 19 (865)

15 мамыр 2015 жыл

Жұма

Уважаемые каратальцы!

Филиал Палаты предпринимателей Каратальского района просит предпринимателей обращаться к нам по всем вопросам касательно ведения бизнеса, случаев незаконного вмешательства или воспрепятствия предпринимательской деятельности со стороны работников государственных учреждений. Мы находимся по адресу: ул. Абылай хана, 22. Здание ЦОН.

Поздравляли героя высокие гости

В рамках проекта «Ардагерлерді ардақтайық», в преддверии дня Победы Алматинский областной филиал партии «Нұр Отан» поздравил нашего земляка Героя Советского Союза, Ивана Косенкова. Первый заместитель председателя областного филиала партии Серик Муканов вручил поздравительный адрес и ценный подарок от имени первого заместителя председателя партии «Нұр Отан» Бауыржана Байбека. Аким района Кайрат Бисембаев и высокий гость поздравили ветерана с 70-й годовщиной Победы и с получением правительственной награды - ордена «Барыс» III степени и от всей души пожелали ему крепкого здоровья.



В тот же день у героя побывали начальник Департамента по делам обороны Алматинской области, полковник Мурат Дарманкулов, председатель ОО «Ветераны вооруженных сил Алматинской области» Жанболат Мухаметкалиев а также командиры воинских частей Талдыкорганского гарнизона. Эта делегация прибыла к Ивану Васильевичу с почетной миссией. Военнослужащие вручили фронтовику награду - медаль генерал-майора авиации Талгата Бигельдинова.

«На войне погибло очень много советских солдат. Благодаря их храбрости мы победили врага и живем в мирное время. Пусть Казахстан процветает», - отметил Герой Советского Союза.

А. СЕДНЕВ

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

7 мамырда Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне орай аудандық Мәдениет үйінде салтанатты жиын болып өтті.

Ігі шараға әскери бөлімдердің сарбаздары, Ауған соғысының ардагерлері, аудан тұрғындары қатысты. Жиналғандардың алдында аудан әкімі Қайрат Бисембаев сөз сөйлеп, Отан қорғаушы күнімен және Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерейтойымен құттықтады. Өз сөзінде өңір басшысы мереке иелеріне қазақ елінің тыныштығын сақтау жолындағы атқарып жатқан игі істеріне табыс, отбастарына амандық, бейбіт ғұмыр тіледі. Келесі кезекте әскер қатарында абыройлы қызмет атқарып жүрген бірқатар азаматтарды алғыс хатпен марапаттады. Сонымен қатар, Үштөбе гарнизонының бастығы полковник Мәди Байсейитов офицерлер мен сарбаздарды айтулы мерекемен құттықтап, өз тарапынан марапаттап, кезекті әскери атақтар мен сыныптық шеңдер тапсырды. Салтанатты шараның жалғасы үлкен концерттік бағдарламаға ұласты.



ВМЕСТЕ СО ВСЕЙ СТРАНОЙ НАШ РАЙОН ОТМЕТИЛ ЮБИЛЕЙНЫЙ ДЕНЬ ПОБЕДЫ ОЧЕНЬ ЯРКО И КРАСОЧНО. ПРАЗДНОВАНИЕ ЗНАМЕНАТЕЛЬНОЙ ДАТЫ НАЧАЛОСЬ В ЦЕНТРАЛЬНОМ ПАРКЕ, КУДА ПРИШЛИ ДЕСЯТЫИ КАРАТАЛЬЦЕВ, ЧТОБЫ ВОЗЛОЖИТЬ ЦВЕТЫ У МЕМОРИАЛА ПАВШИМ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ И ПОЧТИТЬ ИХ ПАМЯТЬ МИНУТОЙ МОЛЧАНИЯ. ПО ОКОНЧАНИИ ЦЕРЕМОНИИ, ТОРЖЕСТВА, ПОСВЯЩЕННЫЕ ДНЮ ПОБЕДЫ, ПРОДОЛЖИЛИСЬ НА СТАДИОНЕ «ЖАСТАР».



ПОЧЕТ И СЛАВА ВЕТЕРАНАМ

Аким района Кайрат Бисембаев в своей поздравительной речи сказал: Дорогие ветераны войны и труженики тыла, уважаемые каратальцы! От всей души поздравляю вас с Днем Великой Победы! Ровно 70 лет отделяют нас от суровых и грозных лет войны. Но время никогда не изгладит из памяти народа Великую Отечественную войну, самую тяжелую и жестокою из всех войн в истории человечества. Память об этой Победе будет для всех вечным примером, образцом мужества, стойкости и преданности своему Отечеству. Для народов бывшего Советского Союза она стала Великой Отечественной, поскольку не только Армия, но и весь народ встал на защиту Родины. В той войне участвовали многие государства. Казахстан в единой семье народов уча-

ствовал в Великой Отечественной войне. Каждая казахстанская семья испытала тяжесть войны на себе. Лишь из нашего района ушли на фронт более 10 тысяч человек. Назад не вернулись 1176 человек. Мы очень гордимся именами наших земляков которые 70 лет назад отстояли нашу свободу с оружием в руках и в тылу. Поэтому та война и память о ней - часть общей истории многонационального Казахстана. На Ваш героизм, уважаемые ветераны, равняться и ему поклоняются. Хотелось выразить вам огромную благодарность и низкий поклон за то, что вы, не щадя своей жизни и своего здоровья, отстояли нашу Родину. Ваша заслуга будет в памяти

всех, кто живет на этой земле. В этот знаменательный день примите искренние пожелания мира и добра, счастья и здоровья, благополучия!». Всем ветеранам ВОВ главой района были вручены поздравительные письма и подарки. Фронтовиков поздравил и благотворительный фонд имени Кемеля Токаева, от имени которого Валентина Спиридонова вручила им ценные презенты.

(Окончание на 2 стр.)



ПОЧЕТ И СЛАВА ВЕТЕРАНАМ

(Окончание. Начало на 1 стр.)

Затем, перед взором многочисленных зрителей словно ожила история Великой Отечественной войны. Каждая школа подготовила инсценировку на тему основных событий военных лет. Будто в хронике были описаны и начало войны, жертвы Хатыни, блокадный Ленинград, оборона Москвы, Брестской крепости, битвы за Сталинград, Севастополь, рейсча на Эльбе и водружение Красного Знамени на Вейхстаге лейтенантом Рахимжаном Кошкарбаевым. Стоит ли говорить, что каждая из этих мини-постановок по-своему запомнилась зрителям, которые порой не могли сдержать слез. Продолжилось торжество большим праздничным концертом.

Сразу же после торжественной части ветераны и труженики тыла были приглашены в полевую кухню, которая дымилась неподалеку уже с самого утра. За праздничным дастарханом они отведали солдатской каши и других угощений, приготовленных умелыми поварами. Специально для виновников торжества под брезентом полевой кухни звучали песни военных лет, которым они сами охотно подпевали.

А. БУЛАВИН



Ветераны войны и труженики тыла выражают сердечную благодарность акиму района Кайрату Бисембаеву и всем организаторам за оказанное внимание и почести в честь Дня Победы и за такой незабываемый праздник, который подарили 9 мая. *Счастья вам, здоровья и успехов во всех благих делах!*

Биылғы жылдың айтулы мерекесі қарсаңында қаламыздағы К. Тоқаев атындағы орта мектепте «шпес полк» атты акция өткізілді. Акция барысында Ұлы Отан соғысына қатысып, жаудан елін, жерін қорғаған көрнекті жазушы Кемел Тоқаевтың 90 жылдығына арналып жарық көрген қос бірдей кітаптың тұсаукесері болып өтті.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ТЕҢДЕССІЗ ТARTY

Мектептің әсем безендірілген акт залында болған тұсаукесерде алғашқылардың бірі болып сөз алған, кештің өткізілуіне ұйтқы болған К. Тоқаев қайырымдылық қорының өкілі Валентина Спиридонова жиналған көпшілікке «Сила духа и творческий талант», «Верное служение народу» атты кітаптармен таныстырды. Бұл кітаптар қордың қаржыландыруымен жарық көрген. Осы рухани құндылығымыздың қайнарына негізінен аталмыш мектеп оқушыларының арасында жарияланған конкурс жеңімпаздарының Кемел атаға арнаған үздік өлеңдері мен шағын шығармалары, сонымен қатар педагог ұстаздардың да шығармалары енгізілген. Шара барысында жиналғандарға сиясы кеппеген жаңа кітаптар тегін үлестірілді. Мектептен түлеп ұшқан үздік оқушылардың біршамасы К. Тоқаев қорының стипендиаттары атанып, шет елдерде терең білім алуда. Жиын барысында, солардың қатарындағы Аяпова Аида - Қытай еліндегі Шанхай қаласынан, Осмаев Терек - Ресейдің Мәскеу қаласынан бейне көрініс арқылы жалынды сөлемдері мен ыстық ықыластарын жеткізді. Сондай-ақ, алаңсыз білім алуларына барынша жағдай жасалынғанына мүмкіндіктер беріліп отырғанына қуанышты екендерін айтты. Болашақтың тұтқасы боларлықтай тұлғалардың жан-жақты қалыптасып келе жатқанына ұстаздары мен ата-аналары қатты қуанып, көздеріне еріксіз жас алды. Стипендиаттардың аналары мектеп ұжымына, қордың жетекшісіне аналық ақ баталарын берді. Білім ұясындағы қазіргі оқушылардың шет елдерде оқып жатқан аға, әпкелерін көріп өздері де ертең солар сияқты стипендиат атанулары үшін оқуға деген қызығушылықтары оянғанын көріп, біз де қуанып қалдық.

Тұсаукесер мектеп сыртында өткен «өшпес полк» акциясымен жалғасты. Бұл шара Жеңістің 70 жылдығына арналды. Отан үшін от кешкен ардагерлердің суреттерін ұстаған оқушылар легін Кемел Тоқаевтың үлкен портретін көтерген оқушы бастап, дененді шымырлатар мұнды әуен ырғағымен аллея төріне алып өтті. Бір минут үнсіздіктен соң, жүргізушілер жиналған жұртқа акцияның маңызы мен мақсатын жеткізді. Мерекелік шара патриоттық әндер мен билерден құралған коцерттік бағдарламамен жалғасты.

Лида ЖАНБОТА



АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен ауданымыздағы ардагерлер: Кеңес Одағының батыры Иван Косенков III дәрежелі «Барыс» орденімен, ал, Сейдахмет Қосжанов атамыз «Құрмет» орденімен марапатталды. Біз де марапат иелерінің үлкен қуаныштарымен бөлісуге асықтық. Ардагерлеріміздің үйлерін аралап, сый-сияпат көрсетіп қайттық.

Ат басын Елтай ауылына бұрып, көпті көрген басы бар, тоқсаннан асқан жасы бар, Жетісудың аңыз әрі абыз ақсақалы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қаратал жұртшылығының мақтанышы Сейдахмет Қосжанұлының шаңырағында болып, ақ жарма тілегімізбен қоса мерекелік



сыйлығымызды тарту еттік. Өмірден көргені мен түйгені мол, ел мен жердің ағып тұрған білгір шежіресі атанған абыз атаның батасы мен өсиетін ұйып тыңдап, білмегенімізді біліп, шежіреге қанығып қайттық. Көкірегі қазынаға толы Сейдахмет ата Елбасының елеп-ескергеніне, Құрмет орденін бергеніне ризашылығын білдірді. «Нұрсұлтан Назарбаевқа, ел басқарып жүрген азаматтарға алғысым шексіз, жұртымыз аман, заманымыз тыныш, ұрпағымыз бақытты өмір сүрсін»-деді.

На прошлой неделе аким города Уштобе Канабек Есботанов и председатель городского Совета ветеранов ВОВ и труда посетили наших фронтовиков. Гости вручили участникам войны цветы, памятные подарки, поздравили с приближающимся юбилеем Победы и от всей души пожелали им крепкого здоровья и долголетия.

Ұлы мереке қарсаңында Кеңес Одағының батыры Косенков Иван Васильевичтің үйіне аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары полиция полковнигі Асқат Жұлынов, ардагерлер ұйымының төрағасы тольстағы милиция майоры Советхан Бекмухамбетов, кадр инспекторы полиция майоры Даулен Молдағалиевтер барып, сый құрмет көрсете отырып, халыққа қызмет көрсетудің ерен үлгісін майданда да еңбекте де көрсете білген ардақты жерлесімізді құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық және ұзақ ғұмыр сүруіне тілектестіктерін білдірді. От пен оқтың арасынан аман оралған қарт майдангер фашистерге қарсы жорыққа аттанған сәттерінен естеліктер айтып, елімізге бейбіт өмір, ашық аспан тілеп, осындай айтулы мерекенің қарсаңында елеп ескеріп жатқан кейінгі ұрпаққа алғысын білдірді.

День Победы – один из самых долгожданных праздников. Ведь память о подвиге советского народа, победившего фашизм, священна и должна передаваться из поколения в поколение. Нам, поколению, не знавшему ужаса войны, необходимо как можно больше внимания уделять ветеранам. В преддверии 70-й годовщины Победы генеральный директор ТОО «МК «KazSilicon» Данель Скаков а также профактив предприятия навестили ветеранов Великой Отечественной войны и тружеников тыла. От имени коллектива они поздравили ветеранов со знаменательной датой и вручили подарки.

В канун празднования 70 годовщины Великой Победы Казахстанские ветераны - участники Великой Отечественной Войны получили памятные серебряные монеты массой 24 грамма, номинальной стоимостью 500 тенге. В сопроводительной открытке Председателя Нацбанка К. Келимбетова, наряду с теплыми словами поздравлений сказано: «...Благодарные потомки навсегда сохранят в памяти Ваш бессмертный подвиг. Доброго здоровья, благополучия и праздничного настроения Вам».

Юбилейные монеты «70 лет Великой Победе» всем девяти ветеранам ВОВ состоящим на учете в отделе по делам обороны Каратальского района вручил начальник отдела Акназар Усербаяев. А Смагулу Булбайұлы, вместе с памятной монетой была вручена медаль дважды Героя Советского Союза «Генерал-майора авиации Т. Бигельдинова», которым он награжден решением РОО «Ветераны Вооруженных сил» Центрального Совета Халық Қаһарманы Б. Ертаевым.

Дайындаған С. ДӘРКЕНБАЕВА

О состоянии надзора и судебной практике об освобождении судами лиц от уголовной ответственности и наказания

Главной транспортной прокуратурой проанализировано состояние надзора и судебной практики об освобождении судами лиц от уголовной ответственности и наказания за истекший период т.г. По транспортному региону судами за 2 месяца т.г. рассмотрено 106 уголовных дел в отношении 126 лиц, из которых прекращено судами 35 дел в отношении 38 лиц. Все прекращенные дела относятся к преступлениям против собственности (ст.ст. 187 мелкое хищение, 188, 190 УК), из них 51,4% занимают хищения чужого имущества статья 188 УК - (18 дел в отношении 20 лиц).

Проведенным анализом также установлено, что прекращенные судом дела относятся к преступлениям небольшой и средней тяжести, по которым возможно освобождение от уголовной ответственности за примирением сторон. В настоящее время, в УК содержатся нормы, согласно которым при совершении лицами впервые тяжкого преступления, не связанного с причинением смерти или тяжкого вреда здоровью, возможно примирение сторон, в том числе в порядке медиации. Наглядным тому примером является факт обмана и злоупотребления доверием гражданкой А., которая обещала устроить на работу гражданку Б. и завладела ее денежными средствами в особо крупном размере. В результате, постановлением суда № 2 г. Актобе гражданка А. признана виновной по статье 177 части 4 пункта «б» УК (в редакции действовавшего УК до 01.01.2015 г.) и освобождена от уголовной ответственности за примирением сторон (ст. 68 ч.2 УК). Судом при принятии такого решения учтено, что преступление подкушимой А. совершено впервые, не связано с причинением смерти или тяжкого вреда здоровью, вину в предьявленном обвинении последняя признала в полном объеме, возместила потерпевшим

причиненный ущерб, имеет на иждивении 2 несовершеннолетних детей, в настоящее время находится в положении (беременная).

Другой новеллой УК является статья 69 УК, в силу положения которой, лицо, впервые совершившее уголовный проступок либо преступление небольшой или средней тяжести, не связанное с причинением смерти или тяжкого вреда здоровью человека, уголовное наказание за совершение которого предусмотрен штраф в числе иных видов основных наказаний, может быть освобождено судом от уголовной ответственности с установлением поручительства. Установление поручительства подразумевает внесение залога физическим лицом в размере, равном двукратному, а юридическим лицом - десятикратному максимальному размеру штрафа, предусмотренному УК. Если лицо, освобожденное от уголовной ответственности, не совершило в период поручительства нового уголовного правонарушения, по истечении срока поручительства залог возвращается поручителю. Вместе с тем, если в период поручительства лицо совершит новое уголовное правонарушение, суд отменяет решение об освобождении от уголовной ответственности и назначает ему наказание по правилам назначения наказания по совокупности приговоров. При этом залог обращается в доход государства.

Следует обратить внимание, что положения настоящей статьи не распространяются на лиц, совершивших коррупционные преступления, террористические преступления, экстремистские преступления, преступления, совершенные в составе преступной группы, преступления против половой неприкосновенности несовершеннолетних.

А. САРСЕМБАЕВ, зам. начальника Управления Главной транспортной прокуратуры

Аудандық білім бөлімі мен жастар орталығының ұйымдастыруымен жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында Балпық ауылдық округі, Жаңаталап ауылында Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 23 жылдығына орай жастар арасында «Жас Ұлан - 2015» әскери - спорттық патриоттық жарысы ұйымдастырылды. Жарысқа 16 құрама, жүзге жуық адам қатысты.

Маңызы бөлек патриоттық жарыс

Жарыс қорытындысы бойынша 1 орынды «Жаңаталап» құрамасы, 2 орынды Елтай құрамасы және 3 орынды Ескелді құрамасы иеленді. Жеңімпаз деп танылған құрамалар «Алматы облысының жастар мәселелері басқармасы» және «Алматы облысының жастар саясаты орталығы» КММ филиалы «Қаратал ауданының жастары» атынан диплом мен бағалы сыйлықтармен марапатталды. Іс - шараға қатысушылар: «Жас Отан» ЖҚ белсенді мүшелері, көптеген ауыл тұрғындары мен қопақтары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатысты.

Бастау ақпарат



Электронды жүйе арқылы алынатын анықтамалар бойынша ақпарат

Электрондық үкімет - халықтың ел үкіметімен тікелей байланысын қамтамасыз ететін жүйе. Электронды жүйе арқылы Халыққа Қызмет Көрсету Орталығында әр түрлі анықтамалар: мекенжай анықтамасы, сотталмағаны туралы анықтама, зейнетақы жарналары, ҚР-сы бойынша атында мүлкі бар жоғы туралы және де тағы басқа да әр түрлі анықтамалармен ақпараттар алуға болады. Бұл қызмет түрін ешқайда бармай үйде отырып Электрондық үкіметтің веб порталы www.e.gov.kz арқылы да алуға болады. Электрондық үкімет порталында қызметтерді алу үшін ең бірінші электрондық сандық қолтаңбаныз болу қажет. Электрондық сандық қолтаңбаға қол жеткізу үшін интернет желісі арқылы www.pki.gov.kz сайтына кіріп, өтініш білдіруіңізге болады. Өтінішті тұрғылықты жердің ХҚКО барып тіркегеді. www.e.gov.kz сайтына тіркелген соң жоғарыда аталған қызмет түрлеріне қалаған уақытыңда, кез келген жерде алуыңызға болады. Жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат ал, заңды тұлғалар үшін БСН қажет.

А. СМАИЛОВА, Қаратал ауданы бойынша «ХҚКО» РМК филиалының инспекторы

Дана қазақ «Кәсібің - нәсібің» деген мақал қалдырған. Мағынасына терең бойласақ, адамның кәсіби мамандығы ғұмырлық серігі деген ұғым. Құжәрістің қайнар көзі содан туындайды деген ақиқат осы. Өзің сүйіп таңдағандықтан, ісіңнен өмір бойы ләззат алып, абыройы атқарсаң зор бедел жинайсың. Халық ұғымынша өуелі сен беделге қызмет жасайсың, сонан соң бедел құнды адами серігің айналып, өмір сүруіңді жеңілдетеді. Міне, тіршілік философиясы! Міне, тірлік тірегі!

Кәсіби бағдарлау - өмір өзегі

XXI ғасырда білім алып жатқан азат елдің ұрпақтары осы болмысқа мән бере ме екен десеңізші. Жоқ. Өмір соны айғақтайды. Атананың талабына шыдамай, «әйтеуір жоғары білім алсам болды» деп, кейін таңдаған мамандығын жаны қаламайтынын біліп, дағдарысқа ұшырағандар қаншама. Әрине, тағы оқып, кәсіп алуға елімізде мүмкіндік бар. Десең те... Темірді қызған кезде соққан дұрыс қой. Ендеше мектеп ұжымдарының алдындағы ең маңызды міндеттердің бірі - оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтауға ықпал жасау. Ғылыми зерттеу әр мектепте осы бағытта арнайы жоспардың қабылданғанын жөн санайды. Ал оны жүзеге асыруға психологтардың еңбегіне жүгінген дұрыс. Кәсіби бағдарлау дегеніміз не? Ол - кәсіби ақпарат, кәсіби диагностика, кәсіби кеңес, кәсіби бейімделу және жеке тұлға мен еңбек нарығының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеретін, жастарды өздігінен мамандық таңдауға дайындайтын ғылыми-практикалық жүйе.

Кәсіби бағдар беруде балалардың психикалық ерекшеліктері ескеріліп, олардың болашақта қай салада табысты еңбек етуге мүмкіндіктері

мол екені анықталады. Зерттеуде балалармен әңгіме-кеңес өткізіліп, олардың пәнге сүйіспеншілігі, мектептен тыс қоғамдық жұмыстары, ата-анасының мамандықтары, кәсіп таңдаудағы себебі айқындалады. Сөйтіп педагогикалық бағдар ықпалы - білім, үгіт-насихат, диагностика, кеңестер арқылы жүзеге асырылады. Кәсіби бағдарлау мақсат міндеттері мен қызметтері ортақ, өзара байланысты бірнеше құрылымдардан тұратын тұтас жүйе. Олар - ұйымдастырушылық - қызметтік құрылым - оқушыларды саналы түрде кәсіп таңдауға дайындауға жауапты, өзінің қызметтері мен міндеттерін координация қағидалары негізінде орындайтын әртүрлі әлеуметтік институттардың іс-әрекеті. логико-мазмұндық құрылым - оқушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту, кәсіби кеңес беру, кәсіби іріктеу, әлеуметтік кәсіби адаптация. тұлғалық құрылым - оқушыны тұлға ретінде қарастырады. Оның шығармашылық және кәсіби іс-әрекетін, сенімі мен білімін, дағдысын, әлеуметтік нормалар мен ережелерді орындауын, адами құндылықтарын, эстетикалық мәдениетінің дамуын, мүмкіндіктері мен қабілетін, өзін-өзі бағалауын зерттейді. Ал басқарушылық құрылым болса, кәсіби

бағдарлау жүйесінің жағдайы мен құбылыстары жайлы, бағдарламалар мен ұсыныстарды жүзеге асыру процесі туралы ақпараттарды өңдеп, жинақтайды. Кәсіби бағдарлау жұмыстарының барлық құрылымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Соның нәтижесінде жаңа интегративті сапаларды қалыптастырады. Жоғары класстарда кәсіптік бағыттылықтың адами алғы шарттары туындайды. Оқушыларда кәсіптік мүдде пайда болады.

Енді, Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жас мамандар даярлайтын факультеттері жайлы біраз мәліметтер. Дене шынықтыру факультеті 1988 жылы құрылған, 2008 жылы Мәдениет және өнер факультеті болып өзгертілген. Мұнда төрт мамандықтар бар «Бастапқы әскери дайындық», «Дене шынықтыру және спорт», «Бейнелеу өнері және сызу», «Дизайн». Факультет деканы - тарих ғылымының кандидаты Амангелді Ғабдылкерімұлы Төлемисов. Факультетте 866 студент, 43 оқытушы, 5 ғылым докторы, 5 профессор, 8 ғылым кандидаттары, 24 аға оқытушылар, 7 доцент және 14 магистранттар еңбек етеді. 21 жылдың ішінде факультетті бітіргендер еліміздің әрқилы еңбек саласында табысты қызмет атқарады. Педагогика және психология факультеті 1978 жылы құрылды. Мұнда Болон декларациясының негізіне сай конкурсқа қабілетті кадрлар даярланады. Факультет деканы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Сергей Анатольевич Сочин. Мұнда 71 оқытушы еңбек етеді. Факультетте 3 кафедралар, 5 мамандықтар бар. «Жас ерекшеліктер педагогикасы мен психологиясы» кафедрасында екі мамандық бар: Мамандықтар «Педагогика және психология» - 18

Внимание, конкурсы!

В рамках реализации проекта «Проведение организационно-практических мероприятий по политическому и экономическому продвижению женщин района, в рамках реализации Послания Президента РК Н. Назарбаева «Нурлы жол - путь в будущее» в конкурсе по государственному закупкам услуг по выполнению социально-значимых проектов неправительственными организациями Каратальского района Каратальский районный Центр поддержки женщин объявляет конкурс проектов по развитию предпринимательства среди активных, целеустремленных женщин, с идеями создания нового бизнеса, направленный на повышение конкурентоспособности женщин на рынке труда. Цель конкурса - вовлечение женщин в предпринимательскую деятельность; повышение творческой и социальной активности молодых женщин-предпринимателей; выявление и поддержка социально значимых, инновационных, перспективных предпринимательских проектов.

В конкурсе могут принять участие женщины в возрасте от 18 до 35 лет. Для участия необходимо заполнить анкету-заявку, которую необходимо предоставить в конкурсную комиссию или отправить по электронной почте на адрес: l.sedova@bk.ru. Анкету-заявку можно получить в офисе Каратальского районного Центра поддержки женщин по адресу: город Уштобе, улица Кабанбай батыра, 51, (здание «Интерфейс»). Справки по телефону 2-24-79.



оқытушының біреуі ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты, PhD-1. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығында 19 оқытушының екеуі - ғылым докторы, 6 - ғылым кандидаты, Оқыту және тәрбиелеу кафедрасында екі мамандық бар: «Дефектология» және «Бастауыш оқыту-дың педагогикасы мен әдістемесі» - 19 оқытушы, 2 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты бар, «Музыкалық білім» мамандығында - 21 оқытушының 1 - ғылым докторы, 6 - ғылым кандидаты. Факультетте 6 зертхана, 1 ғылыми-зерттеу орталығы, қазақ тілі, логопедия, өзін-өзі тану кабинеттері бар. Факультет студенттері республика, облыс, қалалардың, университеттердің конкурстарының жеңімпаздары болып танылған. Міне, ынтасы бар білімдер жастарға даңғыл жол бар. Ол - білім ордалары. Өкінішке орай, мектеп тұлғалары өздері таңдаған мамандықтардың да қыр-сырын біле бермейді. Болашақта олар жұмыста біліктілік таныта ала ма? Міне, гәп қайда? Қалай десек те мұндай негативтік құбылыстарды болдырмау үшін кәсіби бағдарға ерекше педагогикалық тәсілдер, жұмыстың мазмұнды және құқықтық формалары, жастардың қоғамдағы өз орнын табуға ықпал жасайтын әдістер керек. Ол да өмір талабынан туындап отыр. Ал жастарға айтарымыз - кәсіби мамандық таңдауда қателікке жол бермеңіздер!

З. ӨШІСЕВА, Қашықтықтан оқыту институтының әдіскері.

Спорт

ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫ ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ

Алматы облысы аудандарының құрама командалары зекеті чемпионаттарын бастап кетті. 19 құрама екіге бөлініп, қараталдықтар Талдықорған аймағына қарасты шығыс топтан орын алды. Биылғы біріншілікті ерекшелігі, ойындар екі жақтың алаңында алма-кезек 2 айналымда өтеді. Біздің аяқдопшылар алғашқы кездесуін ағынды Ақсу өңірінің орталығы Жансүгіров кентінде жергілікті құрамамен өткізді. Сырт алаңда ойнағанына қарамастан біздің жігіттер бірден ойын тізгінін қолдарына алып, көп ұзамай есеп ашты. Расул Ибоғлы оңтайлы сәтті ұтымды пайдаланып, қақпаның сол бұрышына ала допты өдемі енгізе білді.

Артынша, шабуыл өтінде тұлпардай ойқақтаған Беркін Әлім екінші допты торда тұлатып, есепті үлғайтты. Ойын аяқталуға санаулы минуттар қалғанда ақсулықтар айып доп соғуға мүмкіншілік алып, есеп айырмасын қысқартты. Сонымен, ойын 2:1 есебімен аяқталып, жерлестеріміз чемпионатты жеңіспен бастады. Ойынды бастан аяқ қадағалаған спорт жетекшісі Б. Берлінбаевтың айтуында, гол авторларымен қатар, шабуылшылар Бағлан Есетов, Өзиз Досымбаев, қорғаушы Азамат Демесінов шебер де жігерлі ойындарымен көзге түскен. Басқа да алаңға шыққан ойыншылар жеңіске субелі үлестерін қоса біліпті.

Қараталдықтар 2-ші турда өз алаңында Алакөл ауданының құрамына қабылдап, бабы келіспеген жорғадай, жүрістерінен жаңылды. Ойын басталарда жерлестеріміз жеңісті жолын жалғастырар деп үміттенгенбіз, бірақ, күткендегіміздей болмады. «Күштінің арты дйірмен тартады» демекші алакөлдіктер күшті екендіктерін алғашқы сәттерден-ақ көрсетті. 90 минут бойы толассыз шабуылдаған олар, 2 - 0 есебімен жеңіске жетті. Алаң иелері барынша қарсыласып баққанмен мықтының алдында тізе бүгуге мәжбүр болды. Алда әлі талай кездесулер бар, сондықтан Виктор Юн баптайтын құрамамыз ойындарын ширатып, әлі талай мәрте жанкүйерлерін қуантады, келесі кезеңге өтетін төрт команданың қатарынан орын алады деп сенеміз. Онан әрі командалар ширек финалдық кездесулерде бақ сынайтын болады.

В предверии майских праздников прошли соревнования по волейболу. Так, в утопающем в зелени городе Текели прошел чемпионат области по волейболу среди девушек 1998 - 99 годов рождения, а в пляжном Капчагае такого же статуса состязания среди женщин. В первом из них приняли участие шесть команд, которые сыграли между собой в один круг. Наша дружина уже в первой встрече вступила в бой против команды г.Текели, фаворита чемпионата. Судя по результату игра носила обоюдоострый характер. В областном масштабе караталки тоже считаются одними из сильнейших в краю Семиречия, т.е. Жетысу, поэтому по ходу игры трудно было определить победителя.

ЛЕТНИЙ СЕЗОН НАБИРАЕТ ОБОРОТЫ

Обе команды старались оправдать доверие, возложенное на них со стороны тренеров и болельщиков. Но груз ответственности давил на плечи хрупких девушек. Это было видно по действиям игроков на площадке. В конце концов более мастеровитые текелийки одержали верх и, окрыленные этим успехом на эмоциональном подъеме, сломили сопротивление всех других. Наши же, после неудачи, взяв себя в руки нанесли разгромные поражения командам Коксуского, Ескельдинского и Панфиловского районов со одинаковым счетом 2:0. Но вот во встрече со спортсменками Талгарского района в решающий момент сбился прицел у наших нападающих. Когда судьбу противостояния мог решить один точный удар игрока, караталки спло-

ховали. Видимо, сказалось напряжение чемпионата и усталость. Таким образом, в решающей партии талгарки были более удачливее (18 : 16) и склонили игру в свою пользу со счетом 2 : 1. В итоге золото и 1-е место завоевала команда г.Текели. 2-е место на счету волейболисток Талгарского района. За 3-е призовое место дипломами были удостоены воспитанницы каратальского тренера Александра Мутерко Виктория Мутерко (капитан команды), Кристина Тихонова, Карина Комова (связующие), Татьяна Ли (либеро), Альбина Скударнова, Кундыз Турпысбекова (нападающие), Ксения Ежова и Анастасия Исаева (центральные блокирующие). По окончании игр

искрометная и техничная Кристина Тихонова была признана «Лучшей связующей». Все вышеназванные игроки являются участницами СШ № 51 и школы гимназии имени Бикен Римова.

В пляжном Капчагае в весеннем чемпионате сразились женские коллективы. 15 команд разделившись на четыре группы поборолись за выход в финальную стадию. Караталки в своей группе особо не утруждая себя одолели со счетом 2:0 волейболисток Енбекши-казахского и Уйгурского районов. А вот во встрече с дружиной Райымбекского района сплеховали, уступив соперницам со счетом 1 : 2. Это поражение лишило их возможности бороться за призовое место. Раздосадованные девушки в игре за 5-е место не смогли устоять и перед натиском Карасайских красавиц. В конечном счете Уштобинские посланницы заняли 6-е место. В этот раз наставник спортсменок А.Мутерко выставил следующий состав: Виктория Мутерко, Карина Комова, Кристина Герасимова, Наталья Цой, Юлия Мутерко, Валентина Волкова и Маржан Мангибаева. С началом летнего сезона волейболистки набирают обороты, впереди новые турниры и состязания.

Жексенбек СУЛТАНБЕКОВ